

**«Мөлдір бұлақ» бобекжай-бақшасы**

**Спорттық ойын сауық:  
Ұлттық ойын-ұлттық қазынасы  
«Бестемше» ойыны**

**Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Л.Уксикбаева**

**Қайрат ауылы**

## Ашықтама

Қатысушылар: 4

Күні: 11.11.2025 жыл

Қатысқандар: 4

Қатыспағандар:

Тақырыбы: Спорттық ойын сауық

Ұлттық ойын - ұлттық қазынасы «Бестемше» ойыны

Дене тәрбиесі нұсқаушысы бүгінгі ерекше кештің маңызы мен таныстырды. Ойын – тек көңіл көтеру ғана емес, ол – баланың ой-санасын дамытып, денесін шынықтыратын үлкен тәрбие құралы екендігін айтып өтті. Балалар хормен бүгінгі ұранды айтты, шағын ұлттық би биледі. Жүргізуші қазақ халқының сан алуан ұлттық ойындарының бірі – «Бестемше» туралы және оның ережесімен таныстырды. Балаларға жеңілдетілген түрі ұсынылды. (Дене тәрбиесі нұсқаушысы ойын ережесін тәжірибие арқылы көрсетіп берді.)

1-кезең – «Кім жылдам?» кезеңінде балалар жерге шашылған асықтарды белгіленген уақыт ішінде теріп жинайды. Жеңімпаз – ең көп асық жинаған бала.

2-кезең – «Тайқазан» ойыны кезінде балалар жинаған асықтарын қазанға (себетке) дәлдеп салды.

3-кезең – Эстафета «Асықты жеткіз» кезеңінде балалар асықты қасыққа салып, мәреге дейін апарды, одан соң ата-анасы жалғастырды. Ең тез жеткізген жұп жеңімпаз атанды.

4-кезең – «Әке мен бала» сайысы кезінде әкелер мен балалар бірігіп «бестемше» ойынын ойнады, жеңімпаз – шапшаң әрі қателеспей орындаған жұп болды.

5-кезең – «Ана мен бала» сайысы кезінде балалар асықты теріп жүргенде, аналар ұлттық жұмбақтарға жауап берді. Жұптың ұпайы – асық пен дұрыс жауап саны арқылы есептелді.

Қорытынды бөлімде ұлттық ойын – біздің тарихымыз, асыл қазынамыз екендігін, осындай ойындарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – бәріміздің парызымыз екендігін атап өтті. Қатысушыларды «Шапшаң ойыншы», «Дәлмерген», «Ұлттық ойын жанашыры» номинациялары бойынша марапаттап, алғысхаттар мен шағын сыйлықтар тапсырылды. Балалар «Қаражорға» биін орындап, әуенмен кеш аяқталды.

### Қорытындысы:

Мектепке дейінгі тәрбие мен және оқыту мен қамтылмаған балалардың ата-аналары мен және балалармен дене тәрбие нұсқаушысы Ұлттық ойын - ұлттық қазынасы «Бестемше» ойынын өткізді. Ата-аналар мен балалар бірлесіп ойын ойнап, көңіл-күйлерін көтерді.